ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ ЭТОГО ГОДА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И АЗЕРБАЙДЖАНОМ ПЕРЕВЕЗЕНО 3,2 МИЛЛИОНА ТОНН ГРУЗОВ, ЧТО НА 37% ПРЕВЫШАЕТ АНАЛОГИЧНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ 2023 ГОДА. ПО МАРШРУТУ ТМТМ ПЕРЕВЕЗЕНО 1,9 МИЛЛИОНА ТОНН, НА 0,4 МИЛЛИОНА ТОНН БОЛЬШЕ, ЧЕМ ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ ПРОШЛОГО ГОДА.

Вадим КОПЫЛОВ,
директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция интегрированного планирования»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№74 (3004)
30/08/2024


## ВСТРЕЧИ НА МЕСТАХ

**Руководство АО «НК «ҚТЖ» с рабочей поездкой побывало в Павлодарском регионе, в ходе которой были осмотрены ключевые производственные участки, проверены хозяйства и самое главное – условия труда сотрудников стальной магистрали.**



**Айдана ЕРТАЙ,** Павлодар

Первые руководители посетили практически каждое структурное подразделение отделений грузовых перевозок и магистральной сети. Первый объект – станция Бозшаколь, где обсудили перспективы развития хозяйства электроснабжения. Стоит отметить, что до 2029 года на сети ҚТЖ планируется обновить оборудование тяговых подстанций энергетики и капитально отремонтировать контактную сеть и воздушные линии электропередачи. На станции Екибастуз гости из столицы посетили Дом отдыха локомотивных бригад, который был реконструирован в прошлом году. В Павлодаре проверена работа конструкторско-экспериментального центра, где изготавливаются и ремонтируются инструменты для путевого хозяйства, служб энергетики, сигнализации и связи. На станции Аксу-1 руководство ознакомилось с его развитием: реализуется второй этап. Ведутся работы по удлинению трех путей, завершается строительство двух дополнительных, производится монтаж объектов СЦБ и энергетики. После реконструкции перерабатывающая способность увеличится с 11 до 17 пар поездов в сутки.

Самый главный ресурс АО «НК «ҚТЖ» – это работники. Их безопасность – первый приоритет. Руководство из столицы провело встречи с трудовыми коллективами, выслушав их вопросы и предложения по улучшению условий труда и обеспечению безопасности на рабочем месте. 15 предприятий Павлодарского узла проработали более 20 лет без случаев травматизма. Это ШЧ-25 Екибастуз, ВП-19 Ерейментау, ВП-Павлодар, ПП-Павлодар, ПП-Ерейментау, ПП-Екибастуз, МБ-Павлодар, вокзалы станций Павлодар, Екибастуз, Ерейментау, Шидерты, Таскудык, Спутник, Жолкудык, Шарбакты, ДС Экибастуз-Северный.

С грузоотправителями были обсуждены вопросы грузовых перевозок, подготовки к отопительному сезону и условия для скоординированной и эффективной работы. В отделении ГП перевозку угля, железной руды, глинозема осуществляют ускоренными маршрутными поездами, то есть целыми составами от одного отправителя к одному получателю. Такой метод сокращает время в пути следования. К слову, маршрутизацию внедряют в перевозках нефтеналивных грузов с Павлодарского нефтехимического завода через столицу в восточное и южное направления.

Сейчас идет подготовка к отопительному сезону. Перевозка угля в регионе осуществляется по графику. Каждый день железнодорожники мониторят остатки твердого топлива на складах ТЭЦ и ГРЭС. Запасы угля на конец августа 2024 года значительно превышают установленные нормы и составляют более 1,6 миллиона тонн, что выше показателя аналогичного периода прошлого года на 11%.

В Павлодарское Прииртышье и Акмолинскую область перевезено 12 тысяч тонн твердого топлива, что на 20% выше показателя прошлого года. Среднесуточная погрузка угля ТОО «Богатырь Комир» составляет 30-32 маршрутных поезда.

Рабочая поездка первых руководителей нацкомпании завершилась награждением медалей в честь 120-летия железной дороги Казахстана отличившихся железнодорожников, сотрудников пассажирских перевозок, ветеранов отрасли.

*Фото Олжаса АХМЕТОВА*

## ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУҒА ӨТІНІМ ҰСЫНДЫ

**ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті жария тыңдауда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның жүк қозғалысындағы локомотивтік тартым қызметіне бағаның алдағы уақытта өсетіні жөніндегі хабарламасын талқылады.**

Хабарлама ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес ұсынылды. Баға белгілеу қағидалары талап ететіндей, жария тыңдауларды өткізудің мақсаты жариялылықты, ақпараттандыруды, тұтынушылар мен субъектілер мүдделерінің теңгерімін сақтауды, тауарларға бағаларды қалыптастырудың ашықтығын және шынайылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет төрағасының орынбасары Тимур Қосымбаев төрағалық еткен жария тыңдауда жүк қозғалысындағы локомотивтің тартым қызметіне бағаның жобасы бойынша «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның Экономика және қаржы жөніндегі орындаушы директоры Илияс Ақынбеков баяндама жасады. Жария тыңдауға мүдделі мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ҚР ҰКП, БАҚ, қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері мен қауымдастықтар ұйымдардың өкілдері қатысты. Тыңдаулар барысында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның жүк қозғалысындағы локомотивтік тартым қызметтерінің шекті бағасының жобасына пікірлер мен ұсыныстар тыңдалды. Комитет субъект пен қызметтің тұтынушылары арасындағы теңгерімді сақтай отырып, негізделген бағаны бекіту кезінде айтылған барлық ұсыныстарды ескеретін болады.

*Ұлан ОРАЗ*



**Тимур ҚИСМАНОВ,**
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл ЖТ бөлімшесі Түрксіб станциясының бастығы:

«БІРІНШІ КЛАСТЫ СТАНЦИЯ ТҮРКСІБТЕ ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖИІ, ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ДА ЖАМАН ЕМЕС. СОҢҒЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛ ӨНДІРІСТЕ АПАТТЫ ЖАҒДАЙ, ЖАРАҚАТ АЛУ СЫНДЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ОРЫН АЛҒАН ЖОҚ, ЯҒНИ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУДА ЖЕТІСТІГІМІЗ ДЕ АЗ ЕМЕС. БҰЛ ТҰРҒЫДА БАСТЫ ҰСТАНЫМЫМЫЗ – СТАНЦИЯДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН ӘРБІР ТЕМІРЖОЛШЫДАН ЕҢ АЛДЫМЕН ӨЗ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН ЖАҒДАЙ ҚАТАҢ СЫНҒА АЛЫНАДЫ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО СЕТИ ҚТЖ В ПЕРИОД ПОДГОТОВКИ К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ 2024-2025 гг. ПЕРЕВЕЗЕНО ПО КАЗАХСТАНУ

**17 млн тонн**

КАМЕННОГО УГЛЯ.

БОЛЕЕ

**316 тысяч**

ЛЮДЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ПОЕЗДАМИ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ».

ВРАЧИ МЕДИЦИНСКОГО ПОЕЗДА «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» ОКАЗАЛИ БОЛЕЕ

**91 тыс.**

МЕДУСЛУГ ЖИТЕЛЯМ ОТДАЛЕННЫХ СТАНЦИЙ.

## Брифинг

## НЕГІЗГІ ЖҮК – АСТЫҚ ПЕН КӨМІР ТАСЫМАЛЫ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен «Қазтеміртранс» АҚ басшылығының қатысуымен биылғы астық пен көмір тасымалына арналған брифинг болып өтті. Ұлттық тасымалдаушы әлеуметтік жүктердің үздіксіз тасымалын қамтамасыз етуге қажетті барлық шараны қабылдап отыр.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,** Астана

2024 жылдың жеті айында ҚТЖ желісі бойынша 4,7 млн тонна астық тиелген. Қазақстан бойынша тасымалдау 3% өсіп, 1,1 млн тоннаны құраса, ұнтақ өнімдерді тиеу көлемі 13,8% артып, 2 млн тоннаға дейін ұлғайған. Осы ретте астық тасымалы өсімі ішкі нарыққа жеткізілімдерді 6,4% және экспортты 13,8% ұлғайту есебінен болған. Қазақстандық астық пен ұн экспортының дәстүрлі бағыттары әдеттегідей ҚХР, Түркия, Иран, Ауғанстан және Орталық Азия елдері болып отыр. Әсіресе соңғы 3 жылда Қытайға астық экспортының 5,7 есеге өсуі Қытайды негізгі экспорттық елге айналдырып отыр. Экспорт құрылымында басқа да басым бағыт, Балтық жағалауы елдері бар.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының маркетинг және жоспарлау жөніндегі орынбасары Саламат Әбжалиев жүк жөнелтушілермен үнемі белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырғанын жеткізді. Сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарды шақыра отырып, жүк жөнелтушілермен, салалық қауымдастықтармен, астық өндірушілермен, экспорттаушылармен, көмір кеніштерімен бірлесіп тұрақты кездесулер өткізіліп тұрады.

– Астық жүктерін тасымалдауды қамтамасыз ету үшін ҚТЖ-да жылжымалы құрам жеткілікті. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС инвентарлық паркінде 1,6 мыңнан астам локомотив бар. Былтыр ірі локомотив партиясы, яғни 112 локомотив сатып алынды. 2024 жылы 185 бірлік локомотив сатып алу жоспарланған, қазір соның 119 бірлігі жеткізілді. 2029 жылға дейін 374 заманауи локомотив аламыз. Сонымен қатар, «CRRC Corporation Limited» қытайлық корпорациядан 100 маневрлік және 100 магистральдық локомотив сатып алынады. Астық науқанына дайындық шеңберінде Қостанай және Ақмола жүк тасымалдау бөлімшелері маневрлік локомотивтермен толық қамтамасыз етілген, – деді Саламат Есембекұлы.

Астық тасымалдауға вагон жеткілікті. Қазақстанда 16 мыңға жуық жабық вагон бар көрінеді. Оның 32% астамы «Қазтеміртранс» компаниясына, қалғандары қазақстандық және шетелдік жекеменшік операторларға тиесілі. Астық тасымалдаушылардың жалпы паркі 11,8 мыңнан асады. Оның 2%-і Қазтеміртрансқа, қалғаны жекеменшік операторлар еншісінде. Демек, вагон паркі барлық келісілген тасымалдау жоспарларын орындауға қабілетті.

Үздіксіз астық тасымалын игеру үшін станция қызметкерлерінің штаты ұлғайтылыпты. Ақмола өңірінің Көкшетау, Бауман, Талшық станцияларында қосымша жүк қабылдап-тапсырушылар тартылған. Ал Қостанай өңірінің Қостанай, Құсмұрын және Сарыкөл станцияларына жүк қабылдап-тапсырушылар, пойыз құрастырушылар және тауар кассирлері жұмылдырылған. Бұл қабылданған іс-шаралар астық жүктерін тиеу және тасымалдау бойынша операцияларды орындаудың қажетті тиімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етіп, болуы ықтимал кідірістердің алдын алмақ.

(Жалғасы 2-бетте)

## ДО БЕЛЫХ МУХ РУКОЙ ПОДАТЬ

**До холодного времени года остаются считанные дни, в связи с этим жители Карагандинского региона активно готовятся к зиме, и для этого созданы все условия. На сегодняшний день осуществляется реализация твердого топлива в 54 точках области, и на складах имеется запас – 25 тысяч тонн угля.**



**Светлана МОГАЙ,** Караганда

Как сообщил заместитель руководителя управления промышленности и индустриально-инновационного развития Акдидар Рымбек, в настоящее время отгружено около двух миллионов тонн. Кроме того, проводится работа по увеличению запасов угля к предстоящему отопительному сезону. Сегодня стоимость Шубаркольского угля составляет от 14 700 тенге за тонну. Еще один сорт угля достаточно популярный среди жителей Караганды – это «орешек». Его цена варьируется до 24 000 тенге. Таким образом, средняя цена по региону составляет около 19 000 тенге.

В свою очередь начальник станции Майкудук Еркен Садыков рассказал, что твердое топливо для населения поставляется двумя шахтами и 10 разрезами, в том числе известными предприятиями – «Шубарколь Комиром», «Молодежным», «Кузнецким».

– В целом на коммунально-бытовые нужды и жителям населенных пунктов планируется отгрузить шесть миллионов тонн. По нашим наблюдениям, в дневное время суток возле пунктов приема угля не так много машин, хотя вагоны производят разгрузку по расписанию, и уже сделано достаточно запасов угля. Ко всему прочему, имеются необходимая погрузочная техника и персонал. Всего в операции задействованы четыре погрузчика и двое автовесов.

В настоящее время мощность выгрузки составляет от 7 до 35 вагонов в рабочую смену. Со дня на день должно поступить еще 20 вагонов. Таким образом, планируется довести запас до 40 тысяч тонн, чтобы не застать поток клиентов врасплох.

– Пока в день грузится от 20 до 30 машин, но с наступлением первых холодов со склада будет отгружаться до 200 машин, – говорит руководитель склада Владимир Крылов.

Стоит отметить, что добыча угля в среднем составляет около 10 тысяч тонн в месяц в зависимости от горно-геологических условий.

*Фото автора*

## ДЛЯ СВОБОДНОГО ДВИЖЕНИЯ

**Развитие рынка транспортно-логистических услуг и обеспечение свободного движения грузов в ЕАЭС обсудили в Алматы представители госорганов и бизнес-сообщества Казахстана и Кыргызстана с делегацией Евразийской экономической комиссии.**

Повестка встречи включала вопросы создания безопасной и современной инфраструктуры для беспрепятственного проезда грузов на внутренних рынках государств – членов Евразийского экономического союза, пересечения российско-белорусской государственной границы казахстанскими перевозчиками, вступления в силу Соглашения о судоходстве, поставки лесоматериалов в Казахстан, транзита нелегальной табачной продукции и другие.

– Непосредственный диалог и прямые контакты с участниками рынка транспортных услуг очень важны. Для нас это возможность лучше понять проблематику отдельных ситуаций и повысить эффективность интеграционной работы по выявлению препятствий и их устранения, – отметил министр по энергетике и инфраструктуре ЕЭК Арзыбек Кожошев.

Он проинформировал об основных итогах работы ЕЭК за 10 лет с момента образования.

– ВВП Казахстана в прошлом году вырос на 27,8% по сравнению с 2014 годом. Общий грузооборот в ЕАЭС за 10 лет вырос на 9%. Прирост выпуска промышленной продукции за этот период составил 22,6%, – привел данные Арзыбек Кожошев.

Министр призвал бизнес более активно участвовать в интеграционных процессах, подчеркнув, что в современных условиях крайне важно поддерживать конкурентную среду на рынке транспортно-логистических услуг, развивая инфраструктуру и избегая применения каких-либо препятствий для проезда грузов на внутренних рынках для компаний – государств ЕАЭС.

Стороны обсудили особенности отраслевого развития интеграции, вопросы пересечения российско-белорусской государственной границы перевозчиками других стран ЕАЭС, транспортировки грузов третьих стран между государствами ЕАЭС, установления тарифов на железнодорожные перевозки и другие.

*Любовь РОВБА*

rail-news.kz

№74 (3004) 30/08/2024

## ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

ЭКСКУРСИЯ

**Ата заң мерекесі қарсаңында Астанадағы көлік полициясы департаментінің өкілдері «ҚТЖ» ҰК» АҚ музейіне экскурсия жасады. Желілік тәртіп сақшыларының тобы темір жолдың жәдігерлері мен құнды құжаттары орналасқан мұражайды аралап, үлкен әсер алды.**



Жас полицейлер биыл 120 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған теміржол саласының құрылуы, дамуы мен қалыптасу тарихымен танысты. Отандық теміржолдың бастауында тұрған тұлғалар жайлы, түрлі тарихи құжаттары, марапаттар мен сирек кездесетін фотоматериалдар, станция басшылары мен машинистердің нысандық киімдері, теміржолшылар формасы, т.т. музей менеджері Ақмарал Құдасова мол мәлімет берді.

Көліктегі полиция департаментінің ардагерлері кеңесінің төрағасы Есболат Шаймерденов мұндай іс-шаралар жас қызметкерлердің дүниетанымына оң әсерін тигізіп, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті.

– Көлік полициясы бастапқыда теміржол полициясы ретінде құрылған. Сондықтан біз тарихи жағынан да, қазіргі таңда да темір жолмен тығыз байланыстымыз. Міне, бүгін бір топ қызметкерлерімізді осы музейдегі деректер арқылы теміржолдың тарихымен терең таныстыру үшін келіп отырмыз. Теміржолшылардың жылдар бойы жинаған бірегей жәдігерлерін тамашалап, үлкен әсер алдық, – деді Е.Шаймерденов.

ҚТЖ мен Көліктегі полиция басқармасы теміржол көлігі нысандарында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенді ынтымақтасуда.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## АУАБАПТАҒЫШСЫЗ ВАГОН БОЛМАЙДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

СЕРВИС

**Былтыр теміржол арқылы 20 млн жолаушы тасымалданса, биыл ол меже 21 млн жетеді деп болжам жасалып отыр. Яғни 6 пайызға өседі.**

Сонымен қатар 1 қазаннан бастап елімізде теміржол билеті қымбаттайды. ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов 24 kz телеарнасына берген сұхбатында осы жайттарға арнайы тоқталып өтті.

– Қазақстанда 14 жекеменшік жолаушылар тасымалы кәсіпорындары, сонымен қатар «Жолаушылар тасымалы» АҚ бар. Сол тасымалдаушылардан келіп түскен өтініш бойынша жалпы билет құнының өсуі мәселесін қарадық. Соңғы 10 жылда билет бағасы көтерілмеген. Тек инфляцияға байланысты 7 пайыздық индексация жүріп отырған. Билет бағасы төмен, ол өзіндік құнын ақтауы үшін 3 есе қымбаттауы керек, әрине оған біз бармаймыз, себебі үкімет тарапынан субсидия бар. Бірақ сол субсидия жетіспеушілігі мәселесін де жоққа шығара алмайсыз. Сондықтан билет қымбаттап, сол қаржы сервисті жақсару мен сатып алуға жұмсалады, – деді Н.Келбұғанов.

Оның айтуынша, нарықта 966 жекеменшік және ҚТЖ-ның 142 кассасы бар. Одан басқа 15 әртүрлі вебсайттар жұмыс істейді. Онлайн сатып алу 75 пайызды құрады. Портал арқылы сатылса, алыпсатарлардың жолын кесуге болады. Көбіне олар арам пиғылдарын кассамен жұмыс істейтін механизмдері арқылы іске асырады екен. Қазір аталған комитет сол бойынша тексерістер жүргізуде. Делдалдарға қатысты айыппұл көлемі де екі есе өскен.

Министрлік өкілі сондай-ақ жолаушы вагондар паркін жаңарту, қосымша бағдарлар, сервистік қызметті дамыту, т.т. жайттарға тоқталды. Айтуынша, 2028 жылға қарай Қазақстан жолдарында ауабаптағышсыз вагондар мүлде болмайды.

## НЕГІЗІГІ ЖҮК – АСТЫҚ ПЕН КӨМІР ТАСЫМАЛЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өкілі, маршруттау астық пен тартылған өнімдерді теміржол арқылы тасымалдауды басқаруда, әсіресе инфрақұрылым жүктемесінің жоғарылауы жағдайында шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Дұрыс бағдарлау жылжымалы құрамды пайдалануды оңтайландыруға, вагондардың айналым уақытын азайтуға және жүктерді жеткізу жылдамдығын арттыруға мүмкіндік бермек. Қазіргі уақытта астық жүктерін бағдарлаудың екі негізгі тәсілі бар: вагондарды жөнелту және маршруттық жөнелту. Тиімдісі маршруттық жөнелту болып отыр. Ол жылжымалы құрамды пайдаланудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етумен қатар айналым уақытын азайтып, жүктерді жеткізуді жеделдетеді. Осыған байланысты ҚТЖ маршруттық жөнелту тәжірибесін қолдану көкжиегін кеңейтпек.

Брифингте күн тәртібінде қаралған келесі мәселе – көмір тасымалына келсек, ҚТЖ желісі бойынша 2024 жылдың 7 айында



55,6 млн тонна қатты отын тасымалданған. Ел ішінде 38,4 млн тоннадан астам көмір тасымалданса, 17,2 млн тонна экспортталған. Экспорттық тасымалдаудың негізгі бағыттарын Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь, Қытай, Ресей құрап отыр. Әлеуметтік жүктің бұл түріне де көрші Қытай елінен сұраныс арта түскен – ҚХР-ға көмір тасымалдау көлемі 5 есеге өскенін байқауға болады.

2024-2025 жылдардың жылу маусымы тұрақты өтуі үшін ҚТЖ көмір тасымалына қатысты Жол картасын жүзеге асыруда. Құжатқа жедел штабтың, мониторингтік топтардың жұмысы жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ негізгі көмір тұйықтары бойынша шығу және мүдделі мемлекеттік органдар, көмір разрездері өкілдерінің қатысуымен кеңестер енгізілген.

ҚТЖ-да көмір тасымалдауды үйлестіру жөніндегі жедел штаб жұмыс істеуде, оған орталық аппарат пен аумақтық бөлімшелердің 60-тан астам қызметкері жұмылдырылған. Штаб тәулік бойы әрбір көмір разрезінен Қазақстанның барлық облыстарына және елдің жылу электр орталықтарына көмірді тиеп жөнелтуге мониторинг жүргізеді. Жедел режимде реттеу шешімдерін қабылдап, бос вагондарды жіберу мен тиеуді шұғыл және орта мерзімді жоспарлауды қамтамасыз етеді. Алдағы күзгі-қысқы кезеңде көмір тасымалдауға «Қазтеміртранс» АҚ 20 мыңға жуық жартылай вагонды іске қосады деп күтілуде.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ҮНЕМДІ ДЕ ТИІМДІ ТӘСІЛ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі аумағында биыл төрт участоктың жолы жаңарады. Бүгінгі таңда аймақта күрделі жол жөндеу жұмыстарының 70 пайызға жуығы аяқталды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Жоспар бойынша бөлімше биыл Қарауылкелді-Мақат және Жарлы-202 разъезі-Ноғайты аралығындағы 77,862 шақырымға жуық темір жолға толықтай күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бүгінде 202 рзд. – Ноғайты, 202 рзд. – Жарлы бекеттерінде жасалып жатқан жұмыс толықтай бітті. Қазіргі уақытта Үйтас-Құдықсай аралығында жұмыстар жүріп жатыр.

Ақтөбе жол дистанциясында 4,8 шақырымда шпал ауыстыру жұмыстары толық аяқталды. Бұл жерде қиыршық тас пен жаңа бекіту түрімен шпал ауыстырылды.

Сонымен қатар Шалқар дистанциясында жаңа жол төсемі салынып жатыр. Шалқар-Тассай аралығына кезінде 25 м қысқа рельс салынған. Сол тұстағы рельстер ұзартылады. Қазір 15,9 шақырым ауысты, жоспар – 40 шақырым.

Кестеге сай бекітілген жол жөндеу жұмыстарының бәрі арнайы техниканы қолдана отырып жүргізіледі. Аймақта күрделі жөндеу жұмыстары сәуір айының ортасынан басталды. Қараша айында толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

«Құрылысқа пайдаланылатын материалдың барлығы – отандық өнім. Күрделі жөндеуден кейін жылдамдық 60 шқ/сағаттан 90 шқ/сағатқа дейін көтеріледі. Яғни жылдамдық көтерілсе, жұмыс өнімділігі, тасымал көлемі артып, қай жағынан да тиімді де үнемді болмақ», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Бауыржан Хамзин.

Күрделі жаңартудан басқа Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі орташа жөндеу жұмыстарын да күшейтті. Күрделі жөндеу жүріп жатқан жерден шыққан жарамды материалдар станциядағы жөнелту жолдарын жаңартуға төселіп жатыр. Мәселен, Бершүгір, Қандыағаш, Никельтау, Ақтөбе станциялық жолдарға пайдаланылуда. Бұл күнделікті күтім жұмыстары үшін де маңызды. Ескірген жолдардың сапасын төмендетпеу үшін ақаулы рельстер мен шпалдарды ауыстыру қажет болған жағдайлар болады. Яғни күрделі жөндеу жұмыстары жүрген аумақтан шыққан жарамды материалдар арқылы басқа жолдардың пайдалану ұзақтығын арттыру – үнемді де тиімді тәсіл.

Бүгінгі таңда Никельтау станциясында да осы тәсілмен орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Онда шпал ауыстырылып, бұрмалар жөнделеді. Орташа жөндеу жұмыстарын жол дистанцияларының жолшылары өз күштерімен атқаруда.

## ЖОСПАРҒА САЙ КҮТІМ ЖАСАЛУДА

НӘТИЖЕ

**Қызылора белгі беру және байланыс дистанциясында биылғы жеті айда пойыздық және маневрлік, өндірістік жұмыстар кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы орын алмаған, тосын жағдайларға жол берілмеген.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Байланыс құрылғыларына күнделікті бақылау мен күтім жасалмаса, ақау пайда болып, жұмыстан тыс қалуы әбден мүмкін. Сол үшін дистанцияда әрбір байланыс тетігіне күнделікті, апталық, айлық мерзімде, сосын бір жылда бір мәрте толық бақылау жүргізу регламенті бекітіліп, әр теміржолшының кәсіби міндеті белгіленген.

Жалпы жеті айда пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы орын алмағанмен, байланыс құрылғыларының ішінара кідірісі орын алып, СОБ құрылғыларының екі рет жұмыстан тыс қалуы тіркеліп отыр. Кідірістер жол, электрмен жабдықтау және өзге мекемелердің есебіне тиесілі болған. Мысалы сигналдық нүктенің релелік шкафтарындағы ТМ-15 RWD типті трансмиттерлік блоктың ақаулы болуы, фидердің қате қосылуынан сигнал беру тетігінің қызыл түс көрсетуі, шығыс сигналының



көмескі көрінуі секілді белгілердің орын алуы жылжымалы құрамдардың кестелі қозғалысының өзгеруіне себеп болған. Алайда дистанция мамандары орын алған жағдайды дер кезінде реттеп, пойыздардың кідіріссіз өтуіне мүмкіндік жасаған.

– Өткен жеті айда телімдердегі 24 станция мен 5 бекетте орналасқан белгі беру мен байланыс құрылғыларына техникалық күтім жасау жоспарға сай жүргізілді. Бірінде монтаждау жаңарса, енді бірінің тетіктері технологиялық талапқа сай ауыстырылды. Ал соңғы шілде айында Қызылорда мен Шиелі станцияларында электрожетекке монтаж жасалды. Анакөл, Тартоғай, Қызылтам, Бақтысай, Қаракеткен, Бәйгеқұм, Қараиірім станцияларында қуат көзі панелі тексеруден өткізіліп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бағытында едәуір жұмыс атқарылды, – деді дистанцияның техникалық бөлім басшысы Нұрлан Жүсіпбаев.

Жалпы дистанциялықтардың жұмысы техника мен құрылғылардың сенімді қызметіне қарай бағаланатынын ескерсек, қызылордалықтар көрсеткіші талап деңгейінде нәтижеленіп отырғанын атап өткен жөн.

*Суретті түсірген автор*

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАСА...

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

**Маңғыстау теміржолының Болашақ станциясында қауіпті жүктің төгілуінің алдын алу бойынша оқу-жаттығу өтті. Онда жергілікті мемлекеттік құрылымдар мен Болашақ өрт сөндіру пойызы орын алған жағдайда талапқа сай әрекет ету жолдарын пысықтап, дайындығын шыңдады.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

«Мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын тұз қышқылының ағып кетуінен туындаған төтенше жағдайды жою бойынша іс-қимылдарға дайындау» тақырыбында жүргізілген оқу-жаттығуға өрт сөндіру пойызы, АЦ-7-60 өрт сөндіретін «КамАЗ» және «Жедел жәрдем» автокөлігі тартылды.

Қауіптің алдын алу және салдарын жою шарасы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жоспарына сәйкес Қарақия аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің ұсынысы бойынша және Маңғыстау қосалқы бөлімі мен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшелері басшыларының бекітуімен өткізілді.

...Оқу-жаттығу сценарии бойынша Болашақ станциясының №5 жолына тақ бағытта келген пойыздың жүк вагонынан тұз қышқылы ағып кетеді. Туындаған қауіппен күреске қажетті мекемелердің қызметкерлері мен техникасы жұмылдырылады. Болашақ ауылындағы барлық мемлекеттік мекемелер мен станцияда орналасқан құрылымдық бөлімше басшылары да сол жерден табылып,





жаттығу барысын қадағалады.

– Паркті қарап келе жатқан шекарашы жігіт цистернаның қасына келгенде ағып кеткен тұз қышқылының салдарынан есінен танып қалады. Оны байқаған қызметкерлер дереу тиісті орындарға хабарлап, әрі қарай қауіптілігі бойынша үшінші топқа жататын тұз қышқылының төгілу салдарымен күреске кіріседі. Шекарашы жігітке шұғыл түрде «жедел жәрдем» жетіп, тиісті көмек көрсетіледі. Ал қауіпті жүгі бар вагон құрамнан ағытылып, №10 жолға қойылып, құтқару, оқшаулау жұмыстары жүргізілді. Вагон қоршалып, су, топырақ шашылып, беті зарарсыздандырылды. Одан соң тағы да сумен шайылып, тазаланды. Бұл шараларға Болашақ өрт сөндіру пойызынан жеті адам қатысты. Пойыздан 1 тонна 600 литр су, өрт сөндіру автокөлігінен де 1 тонна су жұмсалды. Тұз қышқылы өрт қаупін тудырмағанымен, оның адам денсаулығы мен экологияға зияны бар. Сондықтан ағып кеткен жер қабаты жылдам тазаланып, әсері жойылды, – дейді Болашақ өрт сөндіру пойызының шебері Ерболат Бытықов.

Төтенше жағдай туралы хабарлама өрт сөндіру пойызына сағат 11.15-те түскен. Сағат 11.44-те төтенше жағдай толығымен бейтараптандырылған.

*Суретті түсірген автор*

# РАЗВИВАТЬСЯ, УЧИТЬСЯ И ТВОРИТЬ

ОБУЧЕНИЕ

**Школа развития «Білім экспрессі» продолжает свою работу. В рамках работы передвижной школы развития внутренние тренеры ҚТЖ провели серию тренингов по развитию личностно-деловых качеств для линейных работников станций Железорудная и Курорт-Боровое.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Кокшетау



Тренинги направлены на развитие лидерских навыков, эмоционального интеллекта и других важных качеств, необходимых для успешной работы в современном деловом мире.

В ходе обучения использовались интерактивные методы обучения, такие как ролевые игры, групповые обсуждения и упражнения по саморефлексии. Участники получили возможность оценить свои сильные и слабые стороны, а также разработать планы развития для дальнейшего совершенствования.

Тренинги получили положительные отзывы от участников, которые отметили их практичность и актуальность.

– Благодаря тренингам мы смогли получить информацию о компетенциях, без которых работникам сложно добиться успехов в профессиональной сфере. Особенно понравилось, как внутренние тренеры ҚТЖ преподносят материалы, упражнения, вызывая неподдельный интерес у обучающихся. Я уже прежде участвовала в таких тренингах, но с каждым разом получаю новую информацию для саморазвития, – делится впечатлениями начальник отдела по работе с персоналом филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Айгерим Мусалимова. – Кроме того, каждый получил возможность посмотреть на своих коллег с другой стороны, узнать о них много нового. Уверена, это поможет нам внести свой вклад в успешное развитие нашей компании.

В свою очередь руководители линейных работников отмечают улучшение командной работы, производительности и общего морального духа среди сотрудников, прошедших тренинги.

Как отметили организаторы мероприятия, инвестируя в развитие личностно-деловых качеств своих линейных работников, компания создает прочную основу для будущего успеха. Вооружив сотрудников необходимыми навыками и знаниями, компания может создать более продуктивную, инновационную и ориентированную на клиента рабочую силу.

*Фото автора*

## Конкурс

# ЛУЧШИЕ МОЛОДЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

**Региональный конкурс «Жас үздік маман» прошел в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22).**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



Перед началом конкурса исполняющий обязанности заместителя начальника по эксплуатации ТЧЭ-22 Кайрат Батыргожин объяснил, что железнодорожники проводят этот конкурс в целях усиления мотивации кадрового состава к труду и повышения профессионального мастерства, уровня теоретической подготовки.

– Конкурс проводят в два этапа. Первый – региональный, который организуют в филиалах и дочерних организациях компании, а второй – республиканский, в котором участвуют победители региональных конкурсов, – сообщил Кайрат Батыргожин.

В конкурсе ТЧЭ-22, который состоял из теоретической и практической частей, приняли участие лучшие молодые машинисты и помощники от каждой колонны. Возраст каждого, по условиям, не превышает 35 лет. Всего участниками стали два помощника и пять машинистов.

